

Фабрикалық қант қызылшасын өндіруді ұлғайтуға және оны мемлекет мұқтажының есебіне барынша мол тартуға колхоздардың, совхоздардың, басқа шаруашылықтар мен көлік ұйымдарының материалдық ынталылығын арттыру жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 30 маусым 1993 ж. N 560. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Республиканың қант зауыттарына кейін колхозшыларға (совхоз жұмысшыларына) және басқа қызметкерлерге сату үшін 1993 жылдың өнімінен бастап колхоздарға, совхоздарға және басқа шаруашылықтарға мемлекет мұқтажына олар сатқан әрбір центнер фабрикалық қант қызылшасына 500 грамм есебімен еркін көтерме-босату бағасы бойынша, сондай-ақ қант қызылшасын колхоздар мен совхоздардың алқаптарынан қызылша қабылдау пункттеріне тасыған көлік ұйымдары мен шаруашылықтардың қызметкерлеріне әрбір тонна-километр үшін 6 грамнан қант сатуға рұқсат етілсін.

2. Өткізушілердің меншігіндегі сырттан берілетін шикізаттан өндірілетін қанттың жалпы көлемінің 15 проценттен аспайтынын қант заводы көтерме бағамен, сондай-ақ шаруашылықтар мен қант заводтары арасындағы шартпен белгіленген сығынды мен сірне мөлшерін шартты бағамен сатады деп б е л г і л е н с і н .

3. 1993 жылдың өнімінен бастап қант зауыттарына қант қызылшасын сақтау және өндеу барысында болатын шығын мөлшерін азайту, қантты сірнеде ұстау уақытын қысқарту, сондай-ақ тазартылмаған қантты өндеу кезінде жоспарланғаннан тыс нақты қант алуды ұлғайту есебінен алынған қантты өз қызметкерлеріне сатуға және кәсіпорынның басқа да мұқтаждарына (көтерме-босату бағасымен) пайдалануға рұқсат етілсін.

4. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі " Қазтамақөнімі" тамақ өнеркәсібі мемлекеттік-кооперативтік бірлестігімен бірлесіп қызылша шаруашылығында қолданылып жүрген нормативтерді ескере отырып, бір апта мерзімде сырттан берілетін негіздегі қант қызылшасын қабылдау және ол үшін өзара есеп айырысу шарттарын әзірлесін және Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен келісетін болсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК